

№1 педагогикалық кеңестің
шешімінде қабылданды
29.08.2025
(күні, айы, жылы)

БЕКІТЕМІН
№8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
МКҚК меңгерушісі
Ж.Саутбекова
«29» 08 2025ж.



**ЕРЕСЕК «КҮНШУАҚ» ТОБЫНЫҢ
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ДАМУШЫ ОРТА БОЙЫНША
МАТЕРИАЛДАР ТІЗІМІ**

Тәрбиешілер: Акимжанова А. Қалибек А.

ДАМЫТУШЫ ОРТА ПАСПОРТЫ

1.Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Табиғат бұрышы

(Еңбек және қамқорлық ортасы)

- **Ортаның мақсаты:**

Балаларды еңбекқорлыққа, жауапкершілікке және тірі табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелейді.

- **Бөлме өсімдіктері:**

Балалардың жас ерекшелігіне сай, күтімі оңай әрі қауіпсіз гүлдер.

- **Күтім құралдары:**

Суарғыштар, топырақ қопсытқыш таяқшалар, жапырақ сүртетін дымқыл шүберектер мен бүріккіштер.

- **Кезекшілік:**

Балалар өсімдіктерге су құю, оларды баптау арқылы қарапайым еңбек дағдыларын меңгереді.



2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Кітап бұрышы

(Сөздік-коммуникативтік орта)

- **Ортаның мақсаты:**

Балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, сондай-ақ көркем әдебиет пен кітапқа деген қызығушылығын тәрбиелеу болып табылады.

- **Сөйлеу белсенділігі:**

Сөздік қорды байыту, байланыстырып сөйлеу және өз ойын жүйелі жеткізу.

- **Көркем әдебиетке баулу:**

Кітапқа, ертегілер мен өлеңдерге деген қызығушылықты арттыру, кітапты ұқыпты ұстау мәдениеті.

- **Аудиалды дағдылар:**

Тыңдау аймағында аудиоертегілер мен әңгімелерді зейін қойып тыңдауды үйрену.



Ұлттық бұрыш

(Ұлттық мәдениет пен өнер ортасы)

- **Ортаның мақсаты:**

Балалардың эстетикалық талғамын арттырып, ұлттық құндылықтарды қолмен ұстап сезінуіне мүмкіндік береді.

- **Салт-дәстүр және тұрмыс:**

Киіз үйдің макеті, ұлттық ыдыс-аяқтар (торсық, ожау, астау), кілемдер мен текеметтер.

- **Ұлттық киімдер:**

Ерлер мен әйелдердің бас киімдері (сәукеле, тақия, бөрік), шапандар және олардың ою-өрнектері.

- **Музыкалық аспаптар:**

Домбыра, қобыз, жетіген, дабыл сияқты аспаптардың макеттері .



3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Сенсорика және математика бұрышы

(Санау және математикалық ұғымдар бөлімі)

- **Ортаның мақсаты:**

Балалар заттарды санау, көлемі, түсі, пішіні бойыншасалыстыру дағдыларын дамытуға арналған.

- **Сақиналы пирамидалар:**

Заттарды көлемі бойынша іріктеуді үйретуге және 5–10-ға дейін санау дағдысын дамытуға арналған пирамида.

- **Дидактикалық ойындар:**

«Пішіндерді орнына қой»,

«Түсі бойынша жина»,

«Көлеміне қарай орналастыр».

Геометриялық пішіндер мен денелер (текше, шар, цилиндр).

Санау материалдары (таяқшалар, түсті моншақтар, түймелер).

Логикалық тапсырмалармен мен қарапайым лабиринттер.



4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Шығармашылық бұрышы

(Эстетикалық және көркемдік даму ортасы)

- **Ортаның мақсаты:**

Бұл баланың сурет салу, мүсіндеу және аппликация жасау дағдыларын дамытатын басты аймақ.

- **Дәстүрлі материалдар:**

Бояулар (гуашь, акварель), қылқаламдар, түрлі-түсті қарындаштар, фломастерлер, ермексаз, түрлі-түсті қағаздар мен картон, қайшылар (ұшы дөңгеленген, қауіпсіз).

- **Дәстүрден тыс материалдар:**

Губкалар, мақта таяқшалары, жіптер бүріккіштер.



- **Ортаның мақсаты:**

Театр баланың рөлге кіру, өз эмоциясын білдіру және образ жасау дағдысын шыңдайды.

- **Мазмұны:**

Саусақ театры, қолға киетін қуыршақтар , көлеңке театры, үстел театры, бетперделер.

- **Мақсаты:**

Бет-әлпет (мимика) пен қимыл-қозғалыс (пантомима) шығармашылығын, сөйлеу мәдениетін дамыту.



5. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Денсаулық бұрышы (Денсаулық орталығы)

- **Ортаның мақсаты:**

Топ ішіндегі бұл бұрыш балалардың өздігінен қозғалуына, ептілік пен күшті дамытуына септігін тигізеді.

- **Құрал-жабдықтар:**

Доптар (ірі, ұсақ, массаждық), секіргіштер, құрсаулар, кеглилер, серпінді таспалар, лақтыруға арналған қапшықтар (күм салынған).

- **Дамитын қасиеттер:**

Қимыл-қозғалыс координациясы, көзбен мөлшерлеу, қол мен иық бұлшықеттерінің күші.

